ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 18 желтоқсан №5265-25-00-2/4194 Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Есенбаев Е.М оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының "Оңтүстік" өңірлік қолбасшылығы - 5449 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер Тұрсынбек Нартай Кәрімұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226, 267-3, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы "Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының "Оңтүстік" өңірлік қолбасшылығы - 5449 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Тұрсынбек Нартай Кәрімұлы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Тұрсынбек Нартай Кәрімұлынан республикалық бюджеттің пайдасына 16 965 (он алты мың тоғыжүз алпыс бес мың) теңге тұрақсыздық, мемлекеттің пайдасына 2475 (екі мың төрт жүз жетпіс бес) теңге өндірілсін.

АПК-нің 267-4-бабының 2-бөлігіне сәйкес жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған соттың сот шешімінің

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы-5449 әскери бөлімі Республикалық мемлекеттік мекемесі
Тіркеу № 2
20 26 ж. «20» 02.
1 Дана

Документ подписан: Есенбаев Е. М, 19.12.2025

Дата вступления в законную силу: 26.01.2026, судья Есенбаев Е. М., 18.02.2026

5265-25-3-1/4296

Scanned with CamScanner

көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Сот шешіміне наразы жақ осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **Есенбаев Е.М**

Сот өндірісі
Судопроизводство
Документ подписан: Есенбаев Е. М., 19.12.2025
Дата вступления в законную силу: 26.01.2026, Судья Есенбаев Е. М., 18.02.2026
5265-25-3-1/4296
Scanned with CamScanner